

**"Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 157 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 мамырда № 22704 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларында:

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Инвестициялық субсидия электрондық/қағаз түрінде өтінім берілген жылға дейін екі жылдан ерте емес пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша ұсынылады. Субсидиялауға:

1) инвестициялық жоба пайдалануға берілетін күнге дейін 24 (жиырма төрт) айдан ерте емес сатып алынған;

2) инвестициялық жоба пайдалануға берілетін күнге дейін 36 (отыз алты) айдан ерте емес шығарылған жаңа, бұрын пайдаланылмаған техника, машина және/немесе жабдық жатады.

№ 12.1 "Аквапоникалық жылыжай кешенін салу және кеңейту" жобасының паспорты бойынша инвестициялық субсидия электрондық/қағаз түрінде өтінім берілген жылға дейін үш жылдан ерте емес пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша ұсынылады.

12. Егер жобалардың паспорттары бойынша тек техника, машиналар және/немесе жабдықтар сатып алу болжанатын болса, онда өтінім берілетін жылға дейін 3 (үш) жылдан ерте емес сатып алынған техника, машиналар және (немесе) жабдықтар субсидиялауға жатады.

№ 1 және № 1.1 жобалардың паспорттарында көрсетілген техника, машина және құрал-жабдықтарды субсидиялау техника мен машиналар модельдерінің, сондай-ақ

оларды өндірушілердің және ресми дилерлер тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес жүзеге асырылады. Тізбені индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей келесі жылға және тиісті жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей ұсынады. Әкімші тізбені алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде орналастырады.

Бұл ретте, Тізбеде техника мен машиналардың ұсынылған түрлері болмаған жағдайда, субсидиялау № 1 жобаның паспорты бойынша жүзеге асырылады.";

18-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Инвестициялық салымдарды өтеу үлесін жергілікті бюджет есебінен мынадай жобалардың паспорттары бойынша ұлғайтуға болады:

35 (отыз бес) %-ға дейін:

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" және № 1.1 "Сұранысқа ие ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу" жобаларының паспорттары бойынша - негіздемесін көрсете отырып, облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларында көзделген техниканың, машиналар мен жабдықтардың басым түрлері бойынша;

40 (қырық) %-ға дейін:

№ 6 "Сүтті бағыттағы ірі қара мал/ешкі өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту" және № 14 "5 гектардан басталатын жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызу" жобаларының паспорттары бойынша;

50 (елу) %-ға дейін:

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты бойынша № 3.1. 3.2; 4.1, 4.2; 50.2.2-позициялар бойынша;

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін 1.1-1.3; 2.1-2.2; 13; 17.1; 17.3; 18; 25-30; 31.1; 32; 34.1; 35-37; 40-45; 48.1.1-48.1.2; 48.2.1-48.2.2; 49; 50.1.1-50.1.2; 51; 54; 55; 59-позициялар бойынша;

№ 8 "Сүт өңдеу объектісін құру және кеңейту, сүт қабылдау пункттерін құру, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындау ұйымдары, сүт қабылдау пункттері және сүт өңдеу кәсіпорындары үшін жабдықтар мен техника сатып алу" жобасының паспорты бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін.

Бұл ретте, бір ауыл шаруашылығы кооперативі сатып алынған (сатып алынатын) техникаға, машина мен жабдыққа:

тиісті мөлшерде тіркемелі және аспалы жабдықтары бар үш тракторға;

екі астық жинау комбайнына және тиісті мөлшерде аспалы және тіркемелі жабдыққа;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жүктерді тасымалдауға арналған екі автомобильге және өзі аударғыш тіркемеге дейін инвестициялық субсидиялар ала алады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін техниканың бір бірлігіне (гектар/ірі қара малдың шартты басы) арналған ең төменгі норматив жөніндегі талап қолданылмайды.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Өтінімдерді қабылдау тиісті жылы инвестициялық субсидиялауға арналған міндеттемелерден бос қаражат (бұдан әрі - Бос бюджет) бар болғанда, инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 15 желтоқсанына (қоса алғанда) дейін жүзеге асырылады.

№ 4 "Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету (құдықтар, ұңғымалар)" жобасының паспорты бойынша өтінімдерді қабылдау Бос бюджет бар болғанда, инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша тиісті жылдың 1 мамырынан бастап 1 қазанына (қоса алғанда) дейін жүзеге асырылады.

Бос бюджет болмаған жағдайда, инвестициялық субсидиялауға арналған өтінімдер мониторингтеу тізіліміне қосылады.";

45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) жаңадан пайдалануға берілген өндірістік кешенді лизингке (дайын жоба лизингі) сатып алған кезде осы Қағидаларға сәйкес лизинг алушы (көрсетілетін қызметті алушы) болады. Жаңадан енгізілген өндірістік кешен өтінім берілген күнге дейін 12 (он екі) айдан ерте емес пайдалануға берілген кешен болып табылады.

Бұл ретте, лизинг алушы мүлік (пай) жарнасы ретінде ауыл шаруашылығы кооперативіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жаңадан енгізілген өндірістік кешенді пайдалану құқығын берген жағдайда, осы Қағидаларға сәйкес инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) мүшелері лизинг алушылар болып табылатын ауыл шаруашылығы кооперативі бола алады.

46. Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) дайын жобалар лизингі бойынша инвестициялық субсидиялауға осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді оған мынадай растайтын құжаттарды "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) қолы қойылған және мөрімен расталған (болған жағдайда) қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) қоса бере отырып береді:

1) инвестор (көрсетілетін қызметті алушы), лизинг беруші және объектіні сатушы арасындағы үш жақты келісімнің көшірмесі;

2) сатушы мен лизинг беруші арасында жасалған объектіні сатып алу-сату шартының көшірмесі;

3) қаржы институты куәландырған объектінің лизинг шарты;

4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 73-бабының 2-тармағына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің (жаңа өндірістік қуаттылықтарды құру немесе қолданыстағыларын кеңейту кезінде)

немесе инвестициялық жобаның іске қосу кешенін немесе кезегінің пайдалануға қабылдау актісінің (осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген талаптарына сәйкес) көшірмесі;

5) жабдықты және/немесе инвестициялық объектіні пайдалануға беру актісінің көшірмесі;

6) инвестициялық жобаны іске асыру кезінде сатушының инвестициялық салымдарын растайтын сатып алу-сату шарттарының, шот-фактуралардың көшірмелері ;

7) жабдықты қабылдау-тапсыру актілерінің көшірмелері;

8) жобаға бизнес-жоспардың көшірмесі;

9) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 60-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттаманың көшірмесі (жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалар паспорттары бойынша).

10) ауыл шаруашылығы кооперативінен өтінім берілген жағдайда лизинг алушының ауыл шаруашылығы кооперативіне мүліктік (пай) жарна ретінде беруі туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері ауыл шаруашылығы кооперативіне мүшелікке қабылдау туралы ауыл шаруашылығы кооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының шешімінен үзінді көшірменің көшірмесін және лизинг берушінің ауыл шаруашылығы кооперативіне мүлік (пай) жарна ретінде беруге келісімі туралы шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

Дайын жобалар лизингін субсидиялау шеңберінде техника мен машиналар сатып алуға субсидиялау жүзеге асырылмайды.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген Қағидаларға 14-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2021 жылғы 6 мамырдағы
№ 157 Бұйрыққа
1-қосымша

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Жобалар паспорттарының тізбесі

1	Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу
1.1	Сұранысқа ие ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу
2	Селекциялық-тұқым шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу
3	Тұқым тазарту-сұрыптау жабдығын сатып алу
4	Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету (құдықтар, ұңғымалар)

5	Мал бордақылауға арналған объектілерді құру және кеңейту
6	Сүтті бағыттағы ірі қара мал/ешкі өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту
7	Мал союға және ет өңдеуге арналған объектілерді құру және кеңейту
8	Сүт өңдеу объектісін құру және кеңейту, сүт қабылдау пункттерін құру, сүт қабылдау пункттері мен сүт өңдеу кәсіпорындары үшін жабдық пен техника сатып алу
9	Жүн дайындау пункті үшін жабдық сатып алу
10	Тері мен жүнді бастапқы өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды құру және кеңейту
11	Суару жүйелерін және тамшылатып суаруды құру және кеңейту
12	Жылыжай кешенін салу және кеңейту
12.1	Аквапоникалық жылыжай кешенін салу және кеңейту
13	5 гектардан басталатын қарқынды алма бағын отырғызу
14	5 гектардан басталатын жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызу
15	Қуаты жылына 20 мың тоннадан басталатын құс етін өндіруге арналған объектілерді құру және кеңейту
16	Алу және өсіру қуаты 1200 бас будан мегежіндерден басталатын селекциялық-будандық орталық құру
17	Қуаты 1000 бас мегежіннен басталатын шошқа өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту
18	Құрамажем зауытын салу
19	Тәулігіне 50 тонна құс саңғырығын өңдеуге арналған техника мен жабдық сатып алу
20	Құс шаруашылығында асыл тұқымдық бірінші және екінші репродуктор құру және кеңейту
21	Алаңы кемінде 50 гектар көлдік-тауарлық балық өсіру шаруашылығына арналған жабдық пен техника сатып алу
22	Астық сақтау орындарын салу және кеңейту
23	1 000 тоннадан басталатын картоп-көкөніс сақтау орындарын салу, кеңейту
24	1 000 тоннадан басталатын жеміс сақтау орындарын салу және кеңейту
25	Жемістер/көкөністер/бақша дақылдарын өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) жұмыс істеп тұрғанын кеңейту
26	Картоп өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу
27	Май-тоңмай өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) кеңейту
28	Дәнді дақылдарды тереңдете өндеп өнімдер өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту
29	Қант өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту
30	Қуаты жылына 2 000 тонна өнімнен басталатын кондитерлік өнімдер өндіру жөніндегі кәсіпорынды кеңейту үшін жабдық сатып алу
31	Өндірістік қуатын жылына 50 миллион жұмыртқадан бастап ұлғайтылатын жұмыртқалық құс фабрикаларын кеңейту
32	Жылына 20 тоннадан бастап тауарлық балық өсіруге арналған, сумен қамтамасыз ету циклі тұйық балық өсіру объектісін құру және кеңейту немесе жылына 40 тоннадан бастап тауарлық балық өндіруге арналған шарбақтық желі қолданылатын балық өсіру шаруашылығын құру үшін жабдық сатып алу
33	Топырақты талдау жөніндегі агрохимиялық зертханалар үшін жабдық сатып алу
34	Еріген қар суларын жинау үшін жасанды су айдынын (тоғанын) құру

№ 157 Бұйрыққа

2-қосымша

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

Субсидиялауға жататын жобалар паспорттарының тізбесі

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты			
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 25 пайыз (бұдан әрі - %)			
Р/с №	Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Техниканың бір бірлігіне арналған ең төменгі норматив, гектар/ірі қара малдың шартты басы	Техника/машиналар/ жабдықтар/ қума метр бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін құн, теңге
1	тракторлар (доңғалақты):		
1.1	қуаты 60 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	5 гектардан бастап	4 200 000
1.2	қуаты 61-89 ат күші	10 гектардан бастап	6 800 000
1.3	қуаты 90-130 ат күші		
1.3.1	Қазақстан Республикасы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері (бұдан әрі - ТМД елдері), Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі - ҚХР), Украина өндірістерінің моделдері		9 800 000
1.3.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)		13 200 000
1.4	қуаты 131 - 210 ат күші		
1.4.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		18 200 000
1.4.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)		41 700 000
1.5	қуаты 211 - 350 ат күші		
1.6	қуаты 351 ат күшінен бастап		
1.7	тракторлар (шынжыр табанды):		
1.7.1	қуаты 100 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)		19 500 000
1.7.2	қуаты 101 - 200 ат күші		27 000 000
1.7.3	қуаты 201 ат күшінен бастап		
1. 7. 3. 1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		66 200 000

1. 7.	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)	221 500 000
3. 2		
2	астық жинайтын комбайн:	
2.1	қуаты 200 ат күшіне дейін	22 000 000
2.2	қуаты 201 - 230 ат күші	
2.2.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері	42 000 000
2.2.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)	56 000 000
2.3	қуаты 231 - 279 ат күші	
2.3.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері	46 000 000
2.3.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)	79 000 000
2.4	қуаты 280 - 370 ат күші	
2.4.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері	56 000 000
2.4.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)	93 000 000
2.5	қуаты 371 ат күшінен бастап	109 300 000
3	азық жинайтын комбайн	
3.1	қуаты 300 ат күшіне дейін	27 000 000
3.2	қуаты 371 ат күшінен бастап	
3.2.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері	112 500 000
3.2.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)	148 000 000
4	қызылша жинайтын комбайн:	
4.1	тіркемелі	58 800 000
4.2	өздігінен жүретін	80 000 000
5	күріш жинайтын комбайн:	
5.1	қуаты 200 ат күшіне дейін	25 000 000
5.2	қуаты 201 ат күшінен бастап	118 000 000
6	мақта жинайтын комбайн:	
6.1	екі қатарлы тіркемелі	15 000 000
6.2	қуаты 201 ат күшінен бастап	122 400 000
7	сәбіз жинайтын комбайн:	
7.1	аспалы	20 000 000
7.2	бір қатарлы тіркемелі	14 000 000
7.3	екі қатарлы тіркемелі	35 000 000

7.4	үш қатарлы тіркемелі	67 000 000
8	қырыққабат жинайтын комбайн:	
8.1	аспалы	12 500 000
8.2	тіркемелі	11 000 000
9	пияз жинайтын комбайн:	
9.1	тіркемелі	5 000 000
9.2	жартылай тіркемелі	12 400 000
10	картоп жинайтын комбайн (тіркемелі)	70 000 000
11	картоп жинайтын комбайн (өздігінен жүретін:)	167 000 000
12	қызанақ жинайтын комбайн	85 000 000
13	жүгері жинауға арналған айлабұйым	7 000 000
14	түбір жинайтын машина (қазушы)	4 700 000
15	сабақ жинайтын машина	5 000 000
16	жидек дақылдарын жинауға арналған өздігінен жүретін комбайн	71 300 000
17	сепкіштер:	
17.1	дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды егу үшін	4 700 000
17.2	қызылша себетін	24 000 000
17.3	көкөніс себетін	2 600 000
17.4	мақта себетін	2 400 000
17.5	пневматикалық (егу кешендері):	
17.5.1	қамту ені 10 метрге дейін	59 000 000
17.5.2	қамту ені 10-15 метрден бастап	91 000 000
17.5.3	қамту ені 15,1 метрден бастап	125 000 000
18	картоп отырғызғыш	25 000 000
19	ауыл шаруашылығы өніміне арналған кептіргіш:	
19.1	сағатына 10 тоннаға дейін	4 000 000
19.2	сағатына 10,1-20 тоннадан бастап	12 000 000
19.3	сағатына 20,1 тоннадан жоғары	32 000 000
20	тұқым және астық тазалауға арналған машиналар:	
20.1	өнімділігі сағатына 10 тоннаға дейін	1 200 000
20.2	өнімділігі сағатына 10,1-20 тонна	3 200 000
20.3	өнімділігі сағатына 20,1-49 тоннадан бастап	6 100 000
20.4	өнімділігі сағатына 50 тоннадан бастап	12 000 000
21	тұқым улағыш	2 000 000
22	астық тиегіш	1 200 000
23	астық лақтырғыш	2 100 000
24	тіркемелі астық жинағыш бункер	8 000 000
25	соқалар (үш және одан да көп корпусы)	2 000 000
26	дискілі/ротациялы тырма:	
26.1	қамту ені 3,1-6 метр	3 500 000
26.2	қамту ені 6,1-20 метрден бастап	9 000 000

27	серіппелі тырмалар		9 000 000
28	тісті тырма:		
28.1	қамту ені 12 метрге дейін		2 200 000
28.2	қамту ені 12,1-20 метр		5 000 000
28.3	қамту ені 20,1 метрден бастап		5 500 000
29	сақиналы-тепкілі топырақтаптағыш/ тегіс су кұйылатын тісті топырақтаптағыш		5 500 000
30	дән аршушы		880 000
31	қопсытқыш:		
31.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		17 800 000
31.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина аумағында өндірілген)		34 000 000
32	топырақ өңдейтін агрегатқұрамалы құрал		3 500 000
33	жоспарлауға арналған жабдықтар (лазерлі жоспарлауыш)	200 гектардан бастап	12 360 000
34	тіркемелі/аспалы дестелегіш:		
34.1	6 метрге дейінгі дестелегіш:		2 700 000
34.2	6, 1-7 метрлік дестелегіш:		
34.2.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		3 500 000
34.2.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина аумағында өндірілген)		20 900 000
34.3	7, 1 - 8 метрлік дестелегіш:		
34.3.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		3 800 000
34.3.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)		23 800 000
34.3.3	роторлы		28 400 000
34.4	8, 1 метрден басталатын дестелегіш:		
34.4.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		13 200 000
34.4.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)		28 300 000
35	қопсытқыштар		6 600 000
36	саңылау салғыш		6 400 000
37	тең тасымалдаушы тіркеме;		
37.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, Украина өндірістерінің моделдері		18 000 000
37.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина аумағында өндірілген)		32 000 000

38	ірі азықты майдалағыш		2 800 000
38.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, Украина өндірістерінің моделдері		20 400 000
38.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина аумағында өндірілген)		94 000 000
39	өздігінен жүретін дестелегіш, өздігінен жүретін шөп шапқыш		49 000 000
39.1	азық жинайтын дестелегіші		
39.1.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, Украина өндірістерінің моделдері		18 000 000
39.1.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина аумағында өндірілген)		39 500 000
40	жал түзгішжал салушы		4 000 000
41	қопсытқыш тырнауыштар		1 600 000
42	көлденең гидравликалық тырнауыштар		1 200 000
43	тракторға арналған құрамалы әмбебап аспа		1 400 000
43.1	айыр		300 000
43.2	шөміш		700 000
43.3	пішен маялағыш		1 100 000
43.4	жалдағыш		750 000
43.5	грейферлік қармауыш		1 400 000
44	шырынды азық тасуға арналған тіркеме		4 800 000
45	трактор тіркемесі:		
45.1	жүк көтергіштігі 6 тоннаға дейін		1 800 000
45.2	жүк көтергіштігі 6,1 тоннадан бастап		4 500 000
46	телескоптық тиегіш	500 гектардан бастап/50 бастан бастап	30 000 000
47	фронтальді тиегіш/ шағын тиегіш	500 гектардан бастап/50 бастан бастап	5 600 000
48	пресс-іріктегіш:		
48.1	орамалы		
48.1.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		4 300 000
48.1.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)		17 400 000
48.1.3	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген) жартылай варибалды пресс камерасы және ұсақтауы бар екі осьті пресс-ораушы		34 000 000
48.2	теңді		

48.2.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		4 400 000
48.2.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)		15 000 000
48.2.3	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген) екі өсті ірі орауыш пресс		61 000 000
49	шөп шапқыштар, шөпшапқы-жаныштауыш		
49.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		1 200 000
49.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)		4 800 000
50	бүріккіш:		
50.1	тіркемелі:		
50.1.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		9 300 000
50.1.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР өндірілген)		17 200 000
50.1.3	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген) сенсорлық форсунка жүйесімен жабдықталған.		83 000 000
50.2	өздігінен жүретін:		
50.2.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР өндірістерінің моделдері		
50. 2. 1. 1	сыйымдылығы 1500 литрге дейін		20 100 000
50. 2. 1. 2	сыйымдылығы 1501-2400 литр		80 300 000
50. 2. 1. 3	сыйымдылығы 2401 литрден бастап		92 800 000
50.2.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР өндірілген)		136 000 000
50.3	бүріккіш жабдық жиынтығы (көліктік шассиге орнату үшін)		23 000 000
51	тыңайтқыш енгізуге арналған машиналар (тіркемелі):		
51.1	сұйық тыңайтқыштар үшін		4 000 000
51.2	қатты тыңайтқыштар үшін		6 000 000
52	комбайнға платформа-іріктегіш.		
52.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері		2 500 000

52.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина аумағында өндірілген)		10 200 000
53	тас жинайтын машина		5 100 000
54	Ауыл шаруашылығы және өзге де инертті жүктерді тасымалдауға арналған өздігінен аударғыш платформаның екі жақты немесе үш жақты жүк түсіретін түрі бар, қозғалтқыш көлемі 10,90 литрден 11,76 литрге дейін, доңғалақ формуласымен 6x4 өздігінен аударғыш автомобиль*		21 000 000
55	Ауыл шаруашылығы және өзге инертті жүктерді тасымалдауға арналған, толық салмағы 15000 килограммнан аспайтын, екі жақты жүк түсіретін өздігінен аударғыш платформасы бар тіркеме*		6 000 000
56	Азық таратқыш/ азық таратқыш-майдалағыш/ майдалағыш (сыйымдылығы кемінде 2,2 текше метр)		3 600 000
57	Дән уатқыш/жаныштағыш		300 000
58	Малды бекітуге арналған станок		1 400 000
59	Картоп қазғыш		1 440 000
60	Қуаты 2000 килограмм тиегіш**		19 350 000
61	600 литр және одан да көп бактың көлемі бар қатарлар арасындағы гербицидтік құбыр**		2 609 000
62	Көлемі 2000 литр бақ бүріккіші**		4 128 000
63	2 дискісі бар ашу/жабуға арналған отырғызғыш**		2 322 000
64	қазу соқасы**		1 300 000
65	Тарақ құраушы фреза		11 000 000
66	Жайылымдарға арналған қоршау (электр шопан генераторы, төмендететін трансформатор, окшаулағыштар, сым кемінде 2 қатар)***	50 бастан бастап	400
67	Шопанға арналған тіркемелі шассилі жылжымалы вагон	50 бастан бастап	2 000 000
68	Шөп тасымалдаушы тіркеме		4 000 000

Е с к е р т п е :

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жүктерді тасымалдау үшін автомобиль сатып алған жағдайда кемінде 120 гектар жер алаңы болуы қажет;
 * 54, 55-позициялар жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидияланады;
 ** жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызу үшін сатып алынған техника субсидияланады.
 *** - жайылымдарға арналған қоршаудың ең жоғарғы рұқсат етілген құны 1000 гектарға 16 миллион теңгеден аспауы тиіс.

№ 1.1 "Сұранысқа ие ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу" жобасының паспорты"

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі-30 %

№ р/с	Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Техника бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге

1.	трактор (дөңгелекті):	
1.1.	куаты 39 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	4 800 000
1.2.	куаты 40-тан 59 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	5 700 000
1.3	куаты 60-тан 89 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	8 300 000
1.4	куаты 90-нан 129 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	11 300 000
1.5	куаты 130-дан 134 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	14 200 000
1.6	куаты 135-тен 150 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	18 600 000
1.7	куаты 151-ден 299 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	34 200 000
1.8	куаты 300-ден 399 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	53 200 000
1.9	куаты 400 ат күшінен басталатын (қоса есептеледі)	
1.9.1	Қазақстан Республикасы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері (бұдан әрі - ТМД елдері), Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі - ҚХР), Украина өндірістерінің моделдері	87 000 000
1.9.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)	149 000 000
2.	* астық жинайтын комбайн:	
2.1	куаты 210-ден 249 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	55 400 000
2.2	куаты 250-ден 299 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	
2.2.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері	63 400 000
2.2.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)	136 900 000
2.3	куаты 300-ден 329 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	70 400 000
2.4	куаты 330-дан 389 ат күшіне дейін (қоса есептеледі)	
2.4.1	Қазақстан Республикасы, ТМД елдері, ҚХР, Украина өндірістерінің моделдері	73 200 000
2.4.2	Азия, Еуропа, Америка өндірістерінің моделдері (оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында, ТМД елдері, ҚХР, Украинада өндірілген)	152 000 000
2.5	куаты 390 ат күшінен басталатын (қоса есептеледі)	95 000 000
Е с к е р т п е :		
* астық жинайтын комбайндарға субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құнында дестелегіштің құны көзделген.		

№ 2 "Селекциялық-тұқым шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу" жобасының паспорты*		
Инвестициялық салымдардың өтеу үлесі - 25%		
Р/с №	Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Техника мен жабдықтың бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін құн, теңге
1	Селекциялық комбайндар: (Еуропа өндірісінің моделдері)**:	
1.1	куаты 52 ат күшінен бастап	62 080 000
1.2.	өлшеу жүйесі бар куаты 52 ат күшінен бастап	79 200 000

1.3	қуаты 84 ат күшінен бастап	95 836 000
1.4	өлшеу жүйесі бар қуаты 84 ат күшінен бастап	130 500 000
1.5	қуаты 185 ат күшінен бастап	123 481 000
1.6	өлшеу жүйесі бар қуаты 185 ат күшінен бастап	145 800 000
2	Селекциялық тұқым сепкіштер: (Еуропа өндірісінің моделдері)**:	
2.1	жалпылай себетін	32 400 000
2.2	отамалы	34 144 000
2.3	кассеталық	31 331 000
2.4	өздігінен жүретін	49 680 000
2.5	пунктирлі себетін	64 505 000
2.6	қолмен тұқым сепкіш	4 559 000
3	Селекциялық-тұқым шаруашылығы жабдығы (Еуропа өндірісінің моделдері)**:	
3.1	3 килограммға дейінгі шағын тұқым партияларын ылғалды дәрілеуге арналған машина	6 989 820
3.2	өнімділігі сағатына 50 килограммға дейінгі 10 килограммнан басталатын тұқымдардың партияларын ылғалды дәрілеуге арналған машина	8 633 000
3.3	өнімділігі сағатына 300 килограммға дейінгі масақты бастырғыш	7 901 620
3.4	жеке масақтар мен шағын бауларға арналған масақты бастырғыш	4 950 000
3.5	өнімділігі сағатына 300 килограммға дейінгі бір собықтық бастырғыш	8 849 310
3.6	біршүлдікті тіркемедегі бензин қозғалтқышы бар байламдық бастырғыш	10 602 100
3.7	2 барабанастылық байламдық бастырғыш	9 700 000
3.8	астық сынамаларын 6 бөлікке бөлуге арналған сынама бөлгіш	4 078 850
3.9	тұқымды зертханалық есептегіш	8 520 480
3.10	зертханалық ұсақтағыш	10 798 040
3.11	егіс материалын есептегіш	7 920 000
3.12	сағатына 50 килограммға дейін тұқымдарды ұқыпты тазалау және сұрыптауға арналған зертханалық машина	6 210 000

Е с к е р т п е :

* "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Тұқым шаруашылығы туралы заң) сәйкес қызметін жүзеге асыратын, аттестатталған бірегей тұқым өндірушілер мен элиталық тұқым шаруашылықтары сатып алған техника мен жабдықтар субсидияланады.

** Селекциялық техника аттестатталған бірегей тұқым өндірушілерде және элиталық тұқым шаруашылықтарында бар ұрпақтарын сынау питомниктері мен көбейту питомниктерінің алаңын ескере отырып субсидияланады. Селекциялық техниканың бір бірлігі ұрпақтарын сынау питомниктері мен көбейту питомниктері алаңының әр 20 гектарына есептеледі. Бір түрдегі техниканың келесі бірлігін субсидиялауға алаң белгіленген нормативтен 50 % асып кеткен жағдайда рұқсат етіледі.

№ 3 "Тұқым тазарту-сұрыптау жабдығын сатып алу" жобасының паспорты*		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 25%		
Р/с №	Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Техника мен жабдықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша рұқсат етілетін құн, теңге
1	Шеф-монтажды және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, өнімділігі сағатына 5 тоннаға дейін тұқымдық тазалау кезіндегі тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Еуропа өндірісінің моделдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар екінші сепаратор, фотосепаратор**, дражиратор**, триерлі блок, пневмоүстел), улағышты, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды.	182 800 000
2	Шеф-монтажды және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқымдық тазарту кезіндегі өнімділігі сағатына 5,1-ден 10 тоннаға дейін тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Еуропа өндірісінің моделдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар бастапқы сепаратор* *, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар екінші сепаратор, фотосепаратор**, дражиратор**, триерлі блок, пневмоүстел), улағышты, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды.	251 000 000
3	Шеф-монтаж және іске қосу- ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқымдық тазарту кезіндегі өнімділігі сағатына 5-тен 15 тоннаға дейін тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Еуропа өндірісінің моделдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (бастапқы сепаратор, торлы стан, екінші сепаратор, фотосепаратор**, дражиратор**, триерлі блок, пневмоүстел), улағышты, торлардың жұмыс жазықтықтарын тазалауды, тасымалдауды (транспортерлер, норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырлар жиынтығын, аспирациялық құбырларды, ауқыстыру клапандары, автотиеуге арналған таратқыш**), улағышты**, қаптарға салуды** кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды.	254 571 080
4	Шеф-монтаж және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқым тазалау кезінде өнімділігі сағатына 5,1 тоннадан 10 тоннаға дейін болатын тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (ТМД өндірісінің моделдері (Қазақстан Республикасында өндірілгендерді қоса алғанда)). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар бастапқы сепаратор* *, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар екінші сепаратор, триерлі блок, пневмоүстел), улағышты, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (112 860 000

	норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды.	
5	Шеф-монтаж және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқым тазалау кезінде өнімділігі сағатына 5 тоннаға дейін болатын тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Қазақстан өндірісінің моделдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар екінші сепаратор, триерлі блок, пневмоүстел), улағышты, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды.	55 081 028
6	Шеф-монтаж және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқым тазалау кезінде өнімділігі сағатына 5,1 тоннадан 10 тоннаға дейін болатын тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Қазақстан өндірісінің моделдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар екінші сепаратор, триерлі блок, пневмоүстел), улағышты, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды.	71 605 649
7	Шеф-монтаж және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын қоса алғанда, тұқым тазалау кезінде өнімділігі сағатына 5 тоннадан 15 тоннаға дейін болатын тұқым тазалау-сұрыптау жабдығы (Қазақстан өндірісінің моделдері). Желі тұқымдарды қабылдауға, бастапқы тазалау мен сұрыптауға арналған жабдықты (жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар бастапқы сепаратор**, жоғарғы тор жазықтығын қырғыш транспортермен тазалауы бар екінші сепаратор, триерлі блок, пневмоүстел), улағышты, тұқым мен қалдықтарды тасымалдауды** (норилер, шынжырлы және таспалы транспортерлер), өздігінен ағатын құбырларды**, аспирациялық құбырларды**, циклондарды**, кешенді автоматтандыруды (басқару шкафы және кабельді материал) қамтиды.	88 130 300
<p>Е с к е р т п е :</p> <p>* Тұқым шаруашылығы туралы заңға сәйкес қызметін жүзеге асыратын, аттестатталған бірегей тұқым өндірушілер мен элиталық тұқым шаруашылықтары сатып алған техника мен жабдықтар субсидияланады.</p> <p>** жабдықты қажет болған жағдайда сатып алу.</p>		

№ 4 "Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету (құдықтар, ұңғымалар)" жобасының паспорты			
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 50%			
Р/с №	Объектінің, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Барынша рұқсат етілетін құн, теңге/өлшем бірлігі
1	Суат пунктiнiң құрылысы (төмендегілердiң бiрi):	қума метр	
1.1	шахталы құдық (құдық тереңдігіне қарамастан субсидиялауға арналған шектi тереңдік 20 метрден аспайды)		50 000
1.2	құбырлы құдық (ұңғыма) (құдық тереңдігіне қарамастан субсидиялауға арналған шектi тереңдік 50 метрден;		40 000
	аридтік аймақтар үшін 375 метрден аспайды		70 000

2	Электр станциясы (бензинді немесе дизелдік генератор)	бірлік	400 000
3	Су көтеретін сорғы		200 000

Е с к е р т п е :
* Бір құдықты суландыру көлемі 2 000 гектарға дейін жайылымды құрайды. Шарттың міндетті тармағы мердігердің жыл ішінде судың тиісті дебетін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігі болып табылады (персонал үшін жабдықтар мен инфрақұрылымды субсидиялау кезінде талап етілмейді).
** Инвестордың субсидиялауға өтінім берген сәтте бір құдыққа кемінде 50 шартты ірі қара мал басының болуы.

№ 5 "Мал бордақылауға арналған объектілерді құру және кеңейту" жобасының паспорты			
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 25%			
Р/с №	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуаттылықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша рұқсат етілетін құн, теңге
1	5 000 бас ірі қара малды бір мезгілде ұстауға арналған қашалары, ені кемінде 3 метр бетон алаңдары бар науалары (1 басқа 30 сантиметр азық үстелі есебінен), сумен жабдықтаудың автосуаттары бар автоматтандырылған жүйесі, малмен жұмыс істеуге арналған жабдықталған (бекіткіші бар) ветеринариялық пункті, азық цехы бар алаң кем дегенде 5 000 тонна құнарлы азық сақтауға арналған сыйымдылықтардың немесе үй-жайлардың болуы, объектіге қызмет көрсетуге арналған қажетті техника және ж а б д ы қ т ы ң б о л у ы . Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес а й қ ы н д а л а д ы : жаңа құрылыста кеңейту кезінде	ірі қара малдың 1 басын ұстауға арналған орын	200 000 100 000
2	5 000 бас қойларды бір мезгілде ұстауға арналған қашалары, науалары, қатты алаңдары (1 басқа кемінде 10 сантиметр есебінен азық үстелі) немесе құнарлы азықты беруге арналған тасымалы құрылғы, сумен жабдықтаудың автосуаттары бар автоматтандырылған жүйесі, ұсақ малмен жұмыс істеуге арналған жабдықталған (өткелек, бекіткіші) ветеринариялық пункті, малды түсіруге және тиеуге арналған сатысы, азық цехы не дәнді уақтағыш/жаныштағышы, объектіге қызмет көрсетуге арналған қажетті техникасы мен жабдықтары бар кем дегенде 1 000 тоннадан құнарлы астық сақтауға арналған сыйымдылығы немесе үй-жайы бар алаң. Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес анықталады: жаңа құрылыс кезінде кеңейту кезінде		20 000 10 000
3	Жартылай тіркеме - мал тасу үшін, ірі қара малдың мың шартты басына біреу	бірлік	32 000 000
4	Тартқыш - мал тасу үшін, ірі қара малдың мың шартты басына біреу		25 000 000

Е с к е р т п е :
Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік жүк декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс.

№ 6 "Сүтті бағыттағы ірі қара мал/ешкі өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 25%

Р/с №	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының және жабдықтың атауы мен техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуаттың немесе жабдықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша жол берілген құн, теңге
-------	--	-----------------------------	--

1-тарау. Қуаты 400 аналық бастан басталатын сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту:

1	Объектіге қызмет көрсетуге арналған қажетті техникасы мен жабдығы бар сиыр қорасы, бұзау қорасы, сауын залы, азық цехы, емдеу-сауықтыру орындары бар төлдеу үй-жайлары, серуендейтін алаңдары, көң сақтау орны бар тауарлық сүт фермасы. Мынадай жабдықпен жарақталған сиыр қорасының ғимараты: сиырларға арналған бокстар, бекітпесі бар азықтық үстелдер, ішкі өтетін жерлердің қоршаулары, сиырлар қасынуға арналған қондырғылар, желдету, сумен қамту жабдығы, сұйық көңді бөлу жүйесі, емдеу-санитариялық пункт; автоматтандырылған сауу қондырғысымен (карусель, параллель, елочка, тандем, роботталған сауын құрылғысы), сүт құбырымен, сүт салқындатқыш танкермен, сиырлардың физикалық жай-күйін бақылау жүйесімен жарақталған сауын залы; бұзауды ұстауға арналған торлармен жарақталған бұзау қора, сүрлем траншеялары. Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады: жаңа құрылыс кезінде кеңейту кезінде	бағымдағы сиырға арналған орын	2 900 0001 450 000
---	---	--------------------------------	--------------------

Е с к е р т п е :

Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алу-сату (лизинг) шарттары, жабдықты жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (жүк-кедендік декларация, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының өтеу %-ы шегінде субсидиялануы тиіс.

2-тарау. 50 аналық бастан басталатын тауарлық сүт фермасына арналған жабдық:

1	Сүт құбыры бар сауын қондырғысы		10 000 000
2	Жылжымалы сауын аппараты	бірлік	90 000
3	Сүт салқындатқыш танк		3 000 000
4	Көң тазалау жүйесі		7 000 000
5	Сиыр ұстауға арнаған қора жабдығы (қалқа)		бірлік
6	Азықтық шарбақ (хэдлок)	бірлік	50 000
7	Маттар (резеңке еден жабыны)	бағымдағы сиырға арналған орын	30 000

3-тарау. Қуаты 600 бастан басталатын сүтті бағыттағы ешкілерді өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту:

1	Ешкілерді ұстауға арналған ғимараттары, сауын залы, азықтық цехі, емдеу-сауықтыру орындары бар төлдеу жайлары; серуендейтін алаңы бар тұқымдық текелерге арналған тауарлық сүт фермасы. Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады:	бағымдағы ешкіге арналған орын	
	жана құрылыста		1 500 000
	кеңейту кезінде		750 000

Е с к е р т п е :

Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік жүк декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс.

№ 7 "Мал союға және ет өңдеуге арналған объектілерді құру және кеңейту" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 25%

Р/с №	Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуаттылықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша рұқсат етілетін құн, теңге
1	Мал союға арналған автоматтандырылған технологиялық желісі, етті жетілдіруге арналған салқындатқыш камералары, етті сүйегінен сылу және бөлу цехы, субөнімдерді және теріні өңдеу цехы, етті тез мұздату, дайын өнімді буып-түю цехы, дайын өнімді сақтауға арналған тоңазытқыш камерасы, қалдықтарды өңдеу цехы, тазалау құрылысжайлары, тіршілікке қажетті жабдықтар мен инфрақұрылымы, ветсансараптама зертханасы бар өндірістік қуаты сағатына 8 шартты мал басынан басталатын ет өңдеу кәсіпорны Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады:	бір ауысымға шартты бас	
	құрылыс		8 000 000
	кеңейту		4 000 000
2	Шикізатты сақтауға арналған тоңазытқыш камерасы, етті сүйегінен сылу және бөлу цехы, вакуумді және (немесе) газды орамада шұжық өнімдерін және ет өнімдерін және (немесе) консервілер және (немесе) жартылай фабрикаттар өндіру желісі, дайын өнімді сақтауға арналған тоңазытқыш камералары бар ауысымына 5 тоннадан бастап шұжық өнімдерін және (немесе) жартылай фабрикаттар және (немесе) консервілер өндіретін ет өңдеу кәсіпорны (цехі) Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады:	1 тонна дайын өнім	
	- құрылыс		100 000 000
	- кеңейту		50 000 000

3	Ершікті тартқыш*		25 000 000
4	Жартылай тіркеме-рефрижератор 20 тоннадан бастап*		20 000 000
5	Жартылай тіркеме-рефрижератор 20 тоннадан бастап ілгіш жолдарымен*	единица	30 000 000
6	Рефрижератор (ет және ет өнімдерін тасымалдауға арналған тоңазытқыш жабдығы бар автомашина)**:		
6.1	жүк көтергіштігі 1,5 тоннадан 5 тоннаға дейін		9 200 000
6.2	жүк көтергіштігі 5 тонна және одан жоғары		19 700 000
6.3	секцияға бөлінген, малды тиеу/түсіру сатысы бар жартылай тіркемелі мал тасығыш ***		32 000 000
6.4	Мал тасуға арналған тартқыш ***		25 000 000

Е с к е р т п е :

* 1 ет комбинатына екі бірліктен артық емес;

** 1 ет комбинатына автомашина базасындағы екі рефрижератордан артық емес;

*** 1 ет комбинатына бір мал тасығыштан/тартқыштан артық емес.

Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік жүк декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс.

№ 8 "Сүт өңдеу объектісін құру және кеңейту, сүт қабылдау пункттерін құру, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындаушы ұйымдар, сүт қабылдау пункттері мен сүт өңдеу кәсіпорындары үшін жабдық пен техника сатып алу" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 25%

Р/с №	Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жобаның қуатын өлшеу бірлігі	Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге
1	Сүт өңдеу зауыты тәулігіне 1 тоннадан бастап сүтті қайта өңдеуге, сүт өнімдерін өлшеп-орауға және сақтауға арналған технологиялық ж а б д ы ғ ы б а р	тәулігіне 1 тонна	
	Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес анықталады.		
	кұрылыс		25 700 00
	кеңейту		12 800 000
2	Блок контейнер әрлеу, жылыту, инженерия жүйесі, жабдықтарды монтаждау: сүтті салқындатқыш, тот баспайтын болаттан жасалған раковина бар үстел, сүт сорғысы, электр су жылытқышы, сүт есептегіштері, сүт анализаторы, сүзгіштер.		5 000 000
3	Жабдықтар сатып алу:		
3.1	Сүт салқындатқыш		2 200 000
3.2	Тасымалданатын сауу аппараты		90 000
3.3	Сүт сорғысы		140 000
3.4	Электр су жылытқыш		90 000
3.5	Сүт есептегіші		120 000

3.6	Сүт сапасын талдауға арналған аспап	80 000
3.7	Сүзгісі бар Корпус	40 000
3.8	Электростанция (дизельді немесе бензинді)	1 000 000
3.9	Маститті анықтауға арналған экспресс индикаторлар*	100 000
3.10	Сүттің сапасы мен қауіпсіздігін анықтауға арналған зертханалық жабдық*	120 000 000
3.11	Үлгілерді қоректендіруге арналған тоңазытқыш жабдықтар*	500 000
4	Сүт тасымалдауға арналған көлік құралы (сүт тасымалдауға арналған цистернасы бар автомашина) және (немесе) жартылай тіркеме сұйықтық температурасының өзгеруіне жол бермеу үшін жылу оқшаулағышы бар сүт тасушы:	
4.1	сыйымдылығы 1 тоннадан асатын автокөлік базасындағы сүт тасушы	8 000 000
4.2	сыйымдылығы 4 тоннадан асатын автокөлік базасындағы сүт тасушы	13 000 000
4.3	сыйымдылығы 7 тоннадан асатын автокөлік базасындағы сүт тасушы	25 000 000
4.4	сыйымдылығы 12 тонна автокөлік базасындағы сүт тасушы	32 000 000
4.5	сыйымдылығы 12 тонна жартылай тіркеме негізіндегі сүт тасушы	32 000 000
5	Сүт тасымалдауға арналған тіркеме-цистерна:	
5.1	сыйымдылығы 300 литрден	1 500 000
5.2	сыйымдылығы 400 литрден	2 000 000
5.3	сыйымдылығы 900 литрден	2 300 000
5.4	сыйымдылығы 1100 литрден	2 500 000
6	Рефрижератор (сүт өнімдерін тасымалдауға арналған тоңазытқыш жабдығы бар автомашина)*	
6.1	жүк көтергіштігі 1,5 тоннадан 5 тоннаға дейін	9 200 000
6.2	жүк көтергіштігі 5 тоннадан жоғары	19 700 000

Е с к е р т п е :

* 1 сүт өңдеу зауытына автомашина базасында екі рефрижератордан артық емес. Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік жүк декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс.

№ 9 "Жүн дайындау пункті үшін жабдық сатып алу" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 25%

